

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 9 шілдедегі № 80 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 3967 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 124 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 17.09.2014 № 124 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 2 маусымдағы № ВО 3-4/132 ұсынысы негізінде, Ойыл ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауылдық округінің Сегізсай қыстағындағы "Сегізсай" өндірістік кооперативінің аумағына, мүйізді ірі қара малдары арасынан құтырық ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл ауылдық округі әкімінің м.а	С. Нугыманов
----------------------------------	--------------